

егемен

Казакстан

Өндірісті өңір тынысымен танысты

Премьер-Министрдің орынбасары Қырымбек Көшербаев бастаған үкіметтік жұмыс тобы 18-19 қазанда Қарағанды облысында болды.

Жұмыс сапарының бірінші күнінде топ мүшелері «Жезқазған–Бейнеу» темір жол құрылысының барысымен танысты. Ұзындығы 988 шақырым жолдың 374 шақырымы Жезқазған өңірі аумағын басып өтеді. Бұл ғасырлыққа тең ғаламат жоба 2015 жылы іске асырылуға тиіс.

Бүгінде Жезқазған – Сексеуіл бағытындағы құрылыс қызу жүргізіліп жатыр. Қ. Көшербаев онда еңбектенушілермен кездесіп, істің жай-күйі туралы әңгімелесті.

Бұдан соң жұмыс тобы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жылу орталығының қаланы жылумен қамтамасыз ету жағдайын білді. Сондай-ақ «2011-2020 жылдарда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын модернизациялау» бағдарламасы аясында Сәтбаев қаласында қалпына келтірілген мекен-жайларды, облыстағы барлық өңірдегідей өркенді өзгерістер үстіндегі ең шалғай Ұлытау ауданы орталығында жас отбасыларға арналып тұрғызылған «Көктөбе» тұрғын үйлер мен «Хандар алаңы» кешенін аралап көрді. Вице-премьер аудандық әкімдікте жергілікті жұрт өкілдерімен кездесу өткізді.

Өндірісті өңір тынысымен танысу кеше Қарағандыда жалғасты. Үкіметтік делегация «Евразиян Фудс» ЖШС-де, «Сарыарқа» еркін экономикалық аймағында, Қарағанды №3 жылу-электр стансасында, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ металлургиялық комбинатының домна газы қазандығында, «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» АҚ-та және Тұңғыш Президенттің Тарихи-мәдени орталығында болды.

Жұмыс тобы Елбасының Үкіметке, өңірлердегі әкімдіктерге қысқа дайындықты, бағаның негізсіз өсе бермеуін, үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз етуді бақылауда ұстау тапсырмасына сәйкес өндірістік-әлеуметтік нысандарда болу кезінде анықталған мәселелерді, қойылған ұсыныстарды Үкімет тарапына жеткізетін болады.

Вице-премьер Қ.Көшербаев сапар қорытындысы бойынша облыс активімен кеңес өткізіп, аймақ алдында тұрған міндеттерді атап көрсетті.

Айқын Несіпбай